

**Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-25/7 " Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне материалдық көмек көрсету бойынша қосымша шаралар белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 17 ақпандағы № 5С-36/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 наурызда № 4694 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2022 жылғы 13 мамырдағы № 7С-14/7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 13.05.2022 № 7С-14/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне материалдық көмек көрсету бойынша қосымша шаралар белгілеу туралы" Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-25/7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3970 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 қаңтарда "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. Материалдық көмек "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның Ақмола облыстық филиалының Степногорск аудандық бөлімшесі ұсынған тізімдердің негізінде көрсетілсін".

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*хатшысы*

*Ғ.Көпеева*

**КЕЛІСІЛДІ**

*Степногорск қаласы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Э.Салықова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК